

Иса Мәсіх мадақталсын!

Құрметті иман католиктер, әсіресе біздің қасиетті анамыз болып Кілеседегі бұрын-соңды болмаған дағдарысынан зардап шегіп жатқандар! Құрметті католик ата-аналары! Құрметті католик жастары! Құрметті католик момын балалары! Әсіресе, құрметті сырттай өмір сүретін дінбикелер, Кілесенің әдемі көркі! Құрметті католик семинаристері! «Исаның Киелі Жүрегінің сүйіспеншілігі» болып табылатын құрметті католик қахиндері!

Қазір Кілеседегі түсінбеушілік соншалық, біз Жаратқан Иеге Естер патшайымның сөздерімен осылайша мінәжат етуіміз керек: «Сенен басқа көмекшіміз жоқ» (Ест 4:31). Сондықтан, біз Мәриям Бикештің Күнәсіз Жүрегіне сүйеніп, Кілесеміздегі қасиетті Папалар болсын деп дұғалы науқанды өткізейік. Забур жыршысымен бірге: «Уа, Жаратқан, неге жатырсың ұйқыда?

Серпіліп, бізді қорғауға бас көтеріп, құтқара гөр!», деп мінәжат етейік (қ.: Заб 42 (43):23).

2024 жылғы 18 қаңтар, Римдегі Әулие Петір Тағының ежелгі мейрамы.

+ Атанасиус Шнайдер, Астана қаласындағы Әулие Мәриям Басдиоцезінің көмекші бескібі

Қасиетті Папалар болсын деп айтылатын дұға

Kyrie Eleison! Christe Eleison! Kyrie Eleison! Уа, Ізгі Бағушы Иеміз Иса Мәсіх! Сен құдіретті қолыңмен әр уақытта талқыметін тартқан Кілесені кезіп жүргенінде бағыттайсың.

Бұ дүниенің мықтыларын қорықпайтын да, дүнияуи рухпен ымыраға келмейтін де, католик дінін қанын төккенше сақтап, нығайтып, қорғайтын да, Рим Кілесесінің тақуалық литургиясын ұстап, тарататын да қасиетті Папаларды Киелі Тағыңа отырғыза бере гөр.

Уа, Иеміз, Елшілеріңнің құлшынысына толтырылып, бүкіл әлемге: «Иса Мәсіхтен басқа ешкім де бізді құтқара алмайды! Аспан астында бізді құтқаратын басқа ешкімнің есімі адамдарға бұйырылмаған!», деп жариялаған қасиетті Папалар арқылы бізге қайта келе гөр. (қ.: Елш 4:10–12)

Қасиетті Папалар дәуірі келіп, католик пен расулдық нанымды таратушылардың отаны болып табылатын Қасиетті Тақ Құдай ақиқатының тағы ретінде бүкіл әлемге әрқашан жарқырай берсін. Я, Иеміз, дұғамызға құлақ салып, Кілесенің Анасы Мәриямның Бейкүнә Жүрегінің жақтаушылығы арқылы бізге қасиетті Папаларды бере гөр. Бізге көптеген қасиетті Папаларды жібере гөр! Бізге рақым етіп, мінәжатымызды қабылдай гөр! Аумин.

Qasietti Papalar bolsyn dep aitylatyn dūğa

Kyrie Eleison! Christe Eleison! Kyrie Eleison! Ua, Izgı Bağuşy İemız İsa Mäsıh! Sen qüdiretti qolyñmen är uaqytta talqymetın tartqan Kilesenı kezıp jürgeninde bağyttaisyñ.

Bū dūnieniņ myqtylaryn qoryqpaityn da, dūniaui ruhpen ymyrağa kelmeitm de, katolik dının qanyn tökkenşe saqtap, nyğaityp, qorğaityn da, Rim Kilesesiniņ taqualyq liturgiasyn ūstap, taratatyn da qasietti Papalardy Kielı Tağyňa otyrğyza bere gör.

Ua, İemiz, Elşileriñniņ qūşynsyna tolytyrylyp, bükıl älemge: «İsa Mäsihten basqa eşkim de bızdı qūtqara almaidy! Aspan astynda bızdı qūtqaratyn basqa eşkimniņ esımı adamdarğa būiyryлмаған!», dep jarialağan qasietti Papalar arqyly bızge qaita kele gör. (q.: Elş 4:10–12)

Qasietti Papalar дәuiri kelip, katolik pen rasuldyq nanymdy taratuşylardyñ otany bolyp tabylatyn Qasietti Taq Qūdai aqiqatynyñ tağy retinde bükıl älemge ärqaşan jarqyrai bersin. İa, İemiz, dūğamyzğa qūlaq salyp, Kileseniñ Anasy Märiamnyñ Beikünä Jüreginiñ jaqtauşylyğy arqyly bızge qasietti Papalardy bere gör. Bızge köptegen qasietti Papalardy jibere gör! Bızge raqym etip, minäjatymyzdy qabyldai gör! Aumin.